

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы 6D050600 – Экономика, 6D051300 – Әлемдік экономика, 6D051700 – Инновациялық менеджмент, 6D090900 – Логистика, 6D051800 – Жобаларды басқару, 6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңесі

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 6
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 14 адам. Диссертациялық кеңестің мүшесі, ҚазҰУ «Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика» кафедрасының профессоры Елемесов Раушан белгілі себептермен диссертациялық кеңестің 3 отырысына қатыспады.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Докторант оқыған, ЖОО
1	Бектурганова Макпал Саттикуловна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ҚР БҒМ ҒК Экономика институтымен бірге
2	Кожухметова Асель Кошербаевна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
3	Хамзаева Асель Валитхановна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Бектурганова Макпал Саттикуловна – диссертациялық зерттеу төмен көміртекті дамуға көшудің теориясы мен практикасын зерттеуге және Қазақстандағы мұнай-газ секторын көміртектендірудің экономикалық механизмдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған.

Кожухметова Асель Кошербаевна – диссертациялық жұмыс РМВОК стандартын қолдану негізінде Қазақстан Республикасындағы жоғары технологиялық жобалардың сәттілік деңгейін бағалауға бағытталған.

Хамзаева Асель Валитхановна – диссертациялық зерттеу әлемдік валюта жүйесі мен Қазақстан Республикасының валюталық саясатының даму тенденцияларын зерттеуге арналған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Бектурганова М.С. диссертациялық жұмысы «Қазақстан экономикасының төменкөміртекті дамудың теориялық және әдіснамалық негіздерін құру: қағидалары, болжамдық сценарийлері және оларды іске асырудың тетіктері» ҚР БҒМ 1740/ГҚ4 гранты, № МТ 0115РК00797; 2015-2017 жж.) тақырыбында ҚР БҒМ Экономика институтының іргелі ғылыми-зерттеу бағдарламалары бойынша ғылыми жобалар аясында жүргізілді. Диссертацияның жекелеген ғылыми нәтижелері мен ұсыныстары «Үшінші технологиялық жаңғыртуға негізделген білімге негізделген экономикаға қазақстандық жол: стратегия, модельдер және даму тетіктері» жобасын дайындауда қолданылды (МҚ Ф.0836, № МТ 0118РК01076; 2018-2020 жж.).

Кожухметова А.К. диссертациялық зерттеу нәтижелері келесідей ғылыми жобаларда қолданылды: «Орта білім беру мекемелерінде физиканы оқыту үшін қосымша және виртуалды шындық технологиясының элементтері бар виртуалды электронды лабораторияларды құрастыру»; «Импульсты плазмалық шашырату әдісімен наноматериалдар алу және оларды өндірісте қолдану», ЖТН № АР05130108; № 0298-17-ГК «Жаңа технологиялар негізінде жоғары интенсивті энергия үнемдегіш газ разрядты лампалардың шағын өндірісін ұйымдастыру».

Хамзаева А.В. диссертациялық жұмысының тақырыбы «Қазақстан 2050» Стратегиясымен, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарымен, 2018-2022 жылдарға арналған Қазақстанның ұлттық экспорттық стратегиясымен, Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасымен байланысты.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Бектурганова М.С. зерттеу барысында алынған теориялық және әдістемелік әзірлемелер 2050 жылға дейінгі төмен көміртекті даму стратегиясының жобасын және жекелеген салалар мен кәсіпорындарды декарбонизациялау тұжырымдамасын жасауға ықпал етеді, сонымен қатар экономикалық және экологиялық мамандықтар үшін білім беру бағдарламаларын дайындауда және «Табиғатты пайдалану экономикасы», «Тұрақты даму», «Жасыл экономика» пәндер бойынша оқу курстары және басқа курстар мен пәндер бойынша оқу үрдісінде қолданылуы мүмкін.

Кожухметова А.К. зерттеу қорытындылары, ғылыми және практикалық ұсыныстар Қазақстан Республикасының ұлттық экономика Министрлігі, Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновация және аэроғарыштық

өндіріс Министрлігі стратегиялары, бағдарламалары, концепциялары мен жоспарларын даярлау кезінде есепке алынуы мүмкін. Ғылыми зерттеу жұмысындағы материалдар келесідей пәндерді оқыту барысында қолданыла алады: «Жобаларды басқару», «Инновациялық жобаларды басқару», «Инновациялық менеджмент».

Хамзаева А.В. диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін ҚР экономикалық мүдделеріне орай, ЕАЭО шеңберінде мемлекеттік қаржы құрылымдарының валюталық-қаржылық қатынастарды қалыптастыру мен экономикалық және валюталық интеграцияны тереңдетудің стратегиялық бағдарламаларын жасау кезінде, сондай-ақ «Әлемдік экономика» мамандығының пәндері бойынша кадрларды даярлау және оқу құралдарын әзірлеу кезінде пайдалану мүмкіндігінен тұрады

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың бір-біріне тәуелсіз болу принципі жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 15 (он бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ережесінің 3.19 пунктін өзгерту және диссертацияны қорғау күнін анықтау және екі ресми рецензенттерді тағайындауды диссертациялық кеңеске құжаттарды қабылдаған күннен 30 (отыз) жұмыс күнінен кем емес уақыт аралығына өзгерту. Бұл ұсыныс докторанттарға тәуелсіз эксперттерді тағайындау нәтижесінде, тәуелсіз эксперттердің ескертпелерін жөндеу үшін, ол өз кезегінде көп уақыт алатындығыменен байланысты болып отыр.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:

№		6D05060 0 – Экономи ка	6D05130 0 – Әлемдік экономи ка	6D051700 – Инновациял ық менеджмен т	6D0909 00 – Логисти ка	6D05180 0 – Жобалар ды басқару	6D051000 – Мемлекет тік және жергілікті басқару
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар	1	1	-	-	1	-
2	Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО)	-	-	-	-	-	-
3	Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-	-	-	-
4	Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО);	-	-	-	-	-	-
5	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-	-	-	-
6	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО)	-	-	-	-	-	-
7	Қорғау нәтижелері бойынша	-	-	-	-	-	-

